

"Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 28 шілдедегі ХХХІІІ сессиясының N 359 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2008 жылғы 01 шілдедегі N 121 шешімі. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 04 шілдеде N 8-6-66 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 мамырдағы N 336 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010.05.14 N 336 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 4 қыркүйектегі Заңына, "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы "Қазақстан Республикасында 2006-2008 жылдары тұрмыстық-коммуналдық сфераны дамыту бағдарламасы туралы" қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 28 шілдедегі ХХХІІІ сессиясының N 359 шешіміне (Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 4 тамызда 8-6-30 нөмірімен тіркелген және "Шарайна" газетінің 2006 жылғы 9 тамыздағы 91 (1346) нөмірінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің

арттырылуына өтемақы беру қағидасында:

1-тараудағы 2-тармақтағы "15 % мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен" деген сөздер "11 % мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тараудғы 8-тармақтағы "3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда" деген сөздер "7 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тараудағы 13-тармақтағы "алты айға тағайындалады" деген сөздер "он екі айға тағайындалады" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тараудағы 32-тармақтағы 7-абзац алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (төрайымы Қоңырова Әлия Мешітбайқызы).

Сессия төрағасы

В. Юстус

Қалалық мәслихаттың хатшысы

М. Ковтун

К е л і с і л д і :

"Сәтбаев қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Т. Қапарова

2008 жылғы 01 шілде